

# РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Жаһандық бум және оның салдары





**Дәрістің мақсаты:** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдегі экономикалық өсімнің жағымды мен жағымсыз нәтижелерін талдау.

**Кілт сөздер:** Азия тигрлары, бала туу санының артуы, Бреттон-Вуд жүйесі, консюмеризм, революция, Жасыл революция, индустриализация, мегалополис, бақуатты мемлекет.

XX ғасырдың ортасы – жаһандық экономика мен дүниежүзі халқы үшін маңызды бетбұрыс кезеңі болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі отыз жыл ішінде бүкіл әлемде материалдық байлық өндірісі өткен отыз жылдағыдан әлдеқайда жылдам қарқынмен дамыды. Кейбір елдердегі халықтың тұтынған тауарлар ауқымы өз ата-бабаларының ойлағанынан да асып түскен еді. Сондай-ақ XVIII ғасырдан бері қарқынды дамып келе жатқан халық саны жарты ғасырға жуық уақыт ішінде мейлінше жылдам қарқынмен өсті.

Бұл екі процесс бірін-бірі күшейтіп отырды. Экономикалық өсу процесі және жаңа технологиялар халықтың жер бетіне молынан шоғырлануына мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың экономикалық табысты қажет ететін жерлерде жұмыс күшінің ұлғаюына себепкер болды. Алайда экономикаға қарағанда, халық саны жылдам өскен елдерде, шаруалар мен жұмысшылардың өмір сүру деңгейі төмендеді. Дүниежүзіндегі ауқымды экономикалық өсім көптеген жерлерде кедейліктің және қоршаған ортаның нашарлауымен қатар жүрді.

1945 жылы көптеген адамдар Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қалыптасқан жағдайдың қайталануынан қауіптенді. Олар 1918 жылғы жағдайдан кейінгідей әлем баяу әрі қиындықпен өз-өзіне келіп, оның нәтижесінде әлеуметтік күйзелістер күшейіп, популизм таралып және солшыл ұрандармен болса да, кезекті диктатуралардың орнатылуы мүмкін деп есептеді.

Бірақ негізгі шынайы өмір басқаша болды, ол бұл пессимистік көзқарастарға сәйкес келмеді. Соғыстың аяқталуы ерекше экономикалық өсудің бастамасына айналды және бұл жағдай шамамен 30 жыл бойы жалғасты. Ол барлық әлемде Жалпы ішкі өнімнің өсуінде көрініс тапты; планетаның индустриалдық аймақтарында – Америка, Еуропа мен Жапонияда өсуге жалпы өмір сүру деңгейінің артуы, әлеуметтік мемлекеттің пайда болуы, тұтыну қоғамының қалыптасуы сәйкес келді. Осы аймақтардан тыс ұзақ экономикалық жарылыстың салдарлары жекелеген мемлекеттер үшін ұқсас болды; бірақ мемлекеттердің басым көпшілігінде отыз жылдық экономикалық өсудің белгілі тенденциясы адам туу санының жоғарғы деңгейінен туындаған халықтың күрт өсуі емес, адам өлімінің деңгейінің төмендеуі мен өмір сүрудің орташа ұзақтығының артуы болды.

XX ғасырдың үшінші ширегінде дүниежүзі халқының өсу қарқыны бұрынғы тарихи дәуірлердегіден жоғары болды; бұл процесс 1975 жылдан кейінгі көрсеткіштен де жоғары көтерілді. Аталған жиырма бес жыл ішінде кейбір қоғамдар демографиялық өтпелі кезеңге көшті. Бұл адамдардың орта есеппен өмір сүру жасының ұзарғанын білдіргенімен (өлім-жітімнің төмендеуі), әйелдердің бала санын азайтқанын да көрсетті (бала туу деңгейі де төмендеді). Демек халықтың өсу қарқыны баяулады. Бұл жағдай Еуропа мен Солтүстік Америкада (Мексиканың солтүстігінде), ал кейінірек Шығыс Еуропа, Ресей, Жапония және кейбір Латын Америкасы елдерінде орын алды. Алайда кейбір аймақтарда бала туу деңгейі жоғары болғанымен, өлім-жітім көрсеткіштері бұрынғыға қарағанда тез төмендеді; демек өсу қарқыны жоғарылады. Африканың, Азияның және Латын Америкасының көптеген елдерінде халық саны жылына 2,5%-ға өсті. Мысалы, Батыс Еуропаға қарағанда әлдеқайда жоғары. 1950 жылы Үндістан халқының саны 360 миллионнан 1973 жылға қарай 580 миллионға дейін өсті, бұл көрсеткіш 1600 жылғы дүниежүзі халқы санынан сәл ғана аз.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халық санының өсуіне бірнеше фактор ықпал етті. Олардың бірі – Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі бейби бум деген атпен белгілі балалардың туу көрсеткішінің өсуі. Батыстың индустрияландырылған елдерінде халық санының өсу қарқыны баяулауының жалпы процесіне қарамастан, соғыс аяқталысымен, бұл жайт ілешала өсті. Өйткені әскери немесе соғысқа тартылған қызметінен босаған жастар экономикалық жағдайдың жақсаруына байланысты отбасын құра бастады. Құрама Штаттарда және Ұлыбританияда, мысалы, миллиондаған әйелдер соғыс кезінде айналысқан кәсібін тастады.



Сөйтіп олар отбасылық өмірге оралып, көп кешікпей дүниеге жаңа ұрпақ әкелді. Бейби бум 1957 жылға дейін созылып, артынша бала туу көрсеткіштері қайтадан төмендеді.

Бұл өсімнің жағымды манифестациялық сипаты болғанына қарамастан, ең алдымен қоршаған ортаның ластануында көрініс тапқан қымбат бағасы да болды. Ұзақ уақыт бойы адамдар табиғат пен адамның кейінгі өмір сүруі үшін экологияның қажеттілігін не түсінгісі келмеді немесе түсінбейтіндей бейне жасады. Бірақ XX ғасырдың екінші жартысында экологиялық деградацияға көз жұмып қарау мүмкін емес болды.

### **Соғыстан кейінгі экономикалық дүмпу**

АҚШ-тағы экономикалық өсім соғыспен байланысты, Ұлы Депрессиядан шығуы үшін әлем кейнсиандық «Жаңа бағыт» саясатынан гөрі, соғыстан кейінгі туындаған индустриалдық мазасыздық жағдайға қарыздар болды. 1945 жылға таман АҚШ жай ғана гигант емес, әлемдік өнеркәсіптің тірегіне айналды.

Алғашқы соғыстан кейінгі екі жылда сәл баяулаған АҚШ-тың экономикасы бірден жоғарғы өсім қарқынын қуып жетті. Бұл ең алдымен АҚШ-тың әлемдік экономикаға араласуының нәтижесі болды. Өзінің жаһандық алып держава мәртебесіне сәйкес Америка еуропалық мемлекеттерге, сосын Жапонияға миллиардтаған салымдарды олардың соғыстан кейінгі экономкаларын қалпына келтіру мақсатында берді. Гуманитарлық үндеулер сөзсіз белгілі бір рөлге ие болды; бірақ, өзінің маңыздылығы бойынша бастапқы орында саяси сипаттағы түсініктер – яғни коммунистік пен квази-коммунистік доктриналардың таралуына ықпал ететін атмосфераны құруы мүмкін американдықтардың қоғамдағы радикалдық көңіл күйдің өсуіне кедергі жасау ұмтылысы тұрды.

Қалай айтылса да, американдық көмектің эффектісі бірден жүзеге асты. Еуропа мен Жапония соғыстың салдарларынан тез оңалып қана қоймады, сонымен қатар, өздері де 50 жж. соңы мен 60 жж. басында негізгі әлемдік экономикалық ойыншыларға айналды. Сол заманның адамдарының неміс, жапон мен басқа да «экономикалық ғажайыптары» туралы қозғауына ықпал еткен экономикалық өсудің жоғарғы қарқынды халықтың басым көпшілігінің өмір сүру деңгейінің артқандығын білдірді. Бұл жағдай жаңа экономикалық модель – әлеуметтік мемлекет моделі немесе жоғарғы идеалдар тілімен айтқанда «жаппай бақуаттылық мемлекеті» үлгісімен байланысты болды. Іс жүзінде бұл модель өзіндік әлеуметтік күн тәртібі мен капиталистік ойыншылары бар мемлекеттер арасындағы өзара байланыстың формасы еді. Оның мәнісі кеңестік үлгі бойынша толыққанды қоғамдастыруға жүгінбей, салық салу жүйесі арқылы барлық халық бөліктерін ең қажетті қызметтермен: медициналық көмек, білім, әлеуметтік сақтандыру мен қамтамасыз ету.

Әлеуметтік мемлекеттің негізгі қағидаларын енгізудің арқасында индустриалдық аймақтар – ең алдымен, Батыс Еуропаның тұрғындары бірінші рет өздерің қартайғандығына қауіптенбейтін болды. Еуропалықтар өздеріне демалыс ретінде қала сыртындағы пикниктерде ғана емес, құрлық ішінде де саяхат ұйымдастыруға мүмкіндіктері болды; әлеуметтік мемлекет жас адамдардың болмаған адам санына жоғарғы білімнің есігін айқара ашты. Өмір сүру ұзақтығы өсе бастады; мүліктік айырмашылық өткір мәселеге айналды. Адамдардың сатып алу қабілетін арттыру арқылы әлеуметтік саясат тұтынушылардың жаңа тобын құрды. Осылайша, әлеуметтік демократия мен тұтынушыларға бағытталған капитализмнің арасындағы соғыстан кейінгі өзара байланысты толыққанды симбиоз деп сипаттауға болады.

Экономикалық экспансияның маңызды қолдаушысы – негізгі капиталистік экономикалардың интеграциясының артуы еді. Алғашқы қадамдар 1944 жылдағы Бреттон-Вудтағы кездесуде қабылданды және ол халықаралық трансакцияларды жүргізу үшін бірқатар ережелерді орнатты. Үш жыл өткеннен кейін 20 мемлекеттің арасында Тарифтер мен сауда бойынша Бас келісімге қол қойылып, ол жаһандық экономиканың либерализациясы, яғни автаркия тәжірибелерімен үзілген 20-30-жылдардағы жаһандануға қайта оралу қарастырылды.



## Еуропалық экономикалық қауымдастық

Соғыс апаты Батыс Еуропа көшбасшыларының аймақтағы автаркияны, яғни ұлттың өзін-өзі қамтамасыз етуін экономикалық интеграцияға, тіпті саяси федерацияға алмастыру керек деп сендірді. Бұл көшбасшылар Германия Федеративтік Республикасының ұзақ уақыт бойы экономикалық жағынан қауқары болмайтынын біліп, Батыс Германия күшін жаңа қару-жарақ жасауға емес, аймақтың экономикасын жандандыруға бағыттауын қалады. Америка Құрама Штаттары жалпыеуропалық серіктестікті қолдады. Дуайт Д. Эйзенхауер (1953–1960) президент болып тұрған кезінде мемлекет хатшысы Джон Фостер Даллес 1941 жылы соғыс аяқталғаннан кейін «Еуропадағы тәуелсіз егеменді мемлекеттердің жиырма бесін қалпына келтіру – саяси ақымақтық болар еді», – деп дәйектеді. Еуропалық интеграция Бреттон-Вудс мақсаттарына қызмет етіп, американдық тауарлар нарығын кеңейтуі және коммунизмге қарсылық көрсетуі мүмкін еді.

Интеграцияның айқын мысалы Еуропада байқалды. Мұнда 1952 жылы 6 мемлекет – Бенилюкс елдері, Батыс Германия, Италия мен Франция Еуропалық көмір және болат бірлестігін құру туралы келісімге келді. Жаңа халықаралық бірлестіктің қатысушы мүшелері осы негізгі ресурстар бойынша ортақ нарықты құру туралы шешім қабылдады. Кезінде қарсылас болған мемлекеттердің бір шатыр астында жұмыс істету тәжірибесі сәтті болғандығы соншалық, 5 жылдан кейін дәл осы 6 мемлекет Еуропалық Экономикалық Қауымдастықты (ЕЭҚ) құрды. Ол бойынша тарифтер жойылып, ауылшаруашылық саясат, капитал қозғалысы мен жұмысшы күші бойынша барлығына ортақ ереже орнатылды. ЕЭҚ Еуропалық одақтың прототипі ретінде Еуропаның әлемдегі өзінің жаңа мәртебесін ұғынудың бейнесіне айналды: әскери салада державалармен бәсекелестікке түсе алмаған және отарлардан айырылып қалғанын ескерген еуропалық мемлекеттер бірігіп, экономикалық тартылыстың жаһандық орталықтарының бірін құра алды. Оның ықпалы құрлықтың сыртында да сезілді.

Жоғарғы экономикалық өсу «Темір Шымылдықтың» шығыс бөлігінде де байқалды. «Темір шымылдықтың» деп Черчилльдің коммунистік қауіптің таралып, Еуропаны екіге бөлу қаупіне қатысты айтқан сөзі. Бірақ социалистік блоктағы елдердің нарықтық емес экономиканың жоспарлы шаруашылықты жүйесінің басымдығын ескерер болсақ, мұнда ол «еркін әлем» деп аталған елдердің экономикаларына тән формалардан басқа сипатқа ие болды. КСРО-ның экономикасы әлдеқайда соғыстың залалды салдарларынан тез оңалып, 1950 жылға таман ел соғысқа дейінгі деңгейге жетті. Бірақ мәселе өсімнің негізінен өндіріске капитал салымдары есебінен жүзеге асты. Сталинның өлімінен кейін билікке келген Никита Хрущев шын мәнісінде ресурстардың бөлігін өндірісті арттыруға бағыттауға, яғни аяқкиім, киім, жиһаз, тұрмыстық техника және т.б. халықтың тұтыну тауарларына қарай бағыттауға тырысты. Бұл салада бірқатар жетістіктерге жетуге мүмкін болды, дегенмен жаппай тұтынуға бағытталған кеңестік өнімнің сапасы әлі де жақсартуды қажет етті. Хрущевтың тұсында да «хрущевкалардың» – арзан типтік кірпіштік пен панельдік үйлердің соғылуында көрініс тапқан құрылыстық бум басталды. Құрылыстың сапасы, пәтерлердің жоспарына қатысты дау айтуға болатын еді, бірақ ең бастысы алғашқы рет осыған дейін коммуналкалар мен барақтарда тұрған миллиондаған кеңес отбасыларында өздерінің орташа жеке пәтерлері пайда болды.

1959 жылы АҚШ үкіметі Мәскеуде еңбекті үнемдейтін құрылғылармен жабдықталған американдық үлгідегі жекежай қойылған көрмесін ашты. Көрмені бірге аралап жүріп, Совет басшысы және Америка вице-президенті ұлттық экономикалары туралы аудармашылар көмегімен әңгімелесті. «Асүйдегі әңгіме» атымен белгілі бұл пікір алмасу жаңа технологияның жетістігі – түрлі түсті бейнетаспаға түсіріліп, хабар екі елге де таратылды.

Алайда 1964 жылы Хрущевтің саяси оппоненттері оны өз қызметінен кетуге мәжбүрледі. Дегенмен ол саяси мәдениетті Сталиннің жеке басына табынушылықтан айтарлықтай арылтса да, оның орнын басушылар оны Сібірге емес, түсініксіз зейнеткерлікке жіберді. Леонид Брежнев пен Алексей Косыгин көшбасшылыққа көтерілді. Олар қарапайым әлеуметтік реформаларды жүргізіп, Советтік сыртқы сауданы едәуір арттырды. Бірақ мемлекеттік жоспарлауға, ауыр индустрияға және әскерге тағы да мол қаржы жұмсады. Қалған онжылдық кезеңінде экономикалық өсім тұрақты түрде баяулады, ал 1970 жылдардың басында советтік экономика тоқырауға жақындай түсті.



КСРО мен шығыс Еуропадағы экономикалық өсімнің нәтижелерінің бірі – өзіндік тұтыну қоғамының пайда болуы. Оның батыс еуропалық немесе американдық аналогтан айырмашылығы оның тұрақты түрде дефицит жағдайында болуында. Бірақ дефицит тұтынуға деген ниетті төмендетпеді, керісінше ол «әлеуметтік тұтынуды» саяси мазмұнмен толықтырып, оны шиеленістіре түсті. Әрине мұның барлығын әскери-индустриалдық кешенге жұмсалған жоғарғы шығын деңгейі мен өсіп келе жатқан халықтың қажеттілігін қамтамасыз ету арасындағы балансты табуға ұмтылды. Шығыс Еуропада, жекелей алғанда Польшада бұл батыс тауарларын – темекі, джинсыдан бастап автомобильге дейін сыртқы кредиттер есебінен алуға әкелді. Қысқамерзімді перспективада мұндай ұстаным партияның халықтың алдындағы заңдылығын күшейтті. Бірақ бір уақытта ол әлеуметтік контрактіні жартылай қайта қарауға әкелді: егер 30 мен тіпті 50-жылдары қоғамның лояльдығы үлкен, бірақ маңыздылығы төмен жобалармен, келешектегі «жарқын болашақ» туралы уәделермен қолдау мүмкін болса, онда 60-жылдардан бастап билікке сенім кредиті оның тұтыну тауарларын «тасымалдаушы» қызметін қалай атқарғандығына байланысты болды. Ұзақмерзімдік перспективада мұндай саясат партия үшін ең қиын салдарлармен ауыр болды, сонымен қатар, 70-жылдардың ортасында социалистік экономикалардың экономикалық өсуі елеулі түрде баяулады.

### **Қытайдың дамуы мен құлдырауы**

Осы жылдары басқа соцлагерьдың гиганты Қытай үшін жағдай басқаша болды. 1949 жылы билікке келген коммунистер кезіндегі большевиктер сияқты индустриализация қажеттілігін түсініп, өз жоспарларын қалай жүзеге асыру керектігін білмеді. 1958 жылы ерекше өсу кезеңінен кейін Мао Дзедун, Қытай Коммунистік партиясының Орталық комитетінің төрағасы «үлкен секіріс» туралы жариялап, оның нәтижесінде Қытай өнеркәсіптік державаға айналуы тиіс еді. Бастапқы коллективизацияға тап болған шаруаларға ауылдарда тіпті аулалыққа дейін өнеркәсіп құруға, транспорттық құралдар мен инвентарды дайындау тапсырылды. Мұндай өндіріс тауарлары өте төмен сапада еді және сол себепті пайдалануға келмейтін. Сонымен қатар, негізгі егістік зиянкестері болып жарияланған торғайларды жою бойынша компания басталды. Бұл табиғатпен күрес шаруаларды өздеріне бейтаныс псевдо-индустриалдық қызметке тартумен бірге ел үшін нағыз катарстрофаға ұласты: оның нәтижесіне экономикалық ғажайып емес, қорқынышты аштық айналып, оның құрбандар саны 20-дан 40 миллионға жетті.

«Үлкен секіріс» саясатының кезекті құлдырауынан кейін Мао уақытша көлеңкеге кетіп, 1966 жылы оның басшылығымен «Ұлы пролетарлық мәдени революция» ұсынылды. Бұл революция – Қытайдың барлық өмір салаларынан «буржуазиялық элементтерді» жоюға бағытталған компаниялар сериясы. Жастар таптық жаулармен белсенді түрде күресуге шақырды. Олардың ішінде тек дінбасы немесе бұрынғы аристократия өкілдері ғана емес, батыстық құндылықтарға көңілі ауған қауіп тудыратын интеллигенттер немесе партияның «бас линиясынан» ауытқығандар болды. Ішкі партиялық күрестің аясында болып жатқан Мәдени революция бірнеше жылда Қытайды саяси хаос пен экономикалық коллапс шегіне әкелді. Нәтижесінде Мао өзінің партиядағы жағдайын күшейтіп, өз жылдамдығын тежеді, бірақ елдегі жағдай Маоның 1976 жылы өліміне дейін мазасыз болып қала берді.

60-жылдарға дейінгі болса да Қытайдың дамуы, мысалы, индустриализацияның ұлттық күштің негізі мен қоғамдық бақуаттылықтың қайнар көзі ретінде жағымды сипатқа ие болғандығын көрсетті. Жетекші дамыған капиталистік мемлекеттердің саясаткерлері, социалистік блок елдеріндегі партиялық басшылық, отарсыздану кезінде өз жас ұлттарын ұсынған тұлғалар – бұлардың барлығы модернистік жобалардың категорияларын қолдады. Ол бойынша табиғи ресурстар экономикалық дамуға жұмыс істеуі керек.

Бірақ модернистік тенденциялардың биосфераға мүмкін деген зияны белгілі болғанда қарым-қатынас өзгере бастады. Экономикалық өсу, тұтынушылық көркею, индустриалдық күшею мен ауылшаруашылық бумның бағасы ауа мен судың ластануы, құрғақшылық, топырақтың эрозиясы, бірнеше жануарлар түрі мен ерекше микроклиматтардың жоғалып кету қаупімен өлшенді. Пестицидтер, химиялық тыңайтқыштар, биоинженерия астықты бірнеше есе арттырды. Бірақ ол экожүйедегі радикалдық өзгерістерге әкеліп, оның нәтижесінде бір





өсімдік екіншісімен ауыстырылып, сол аймақтарда тұратын адамдарды олар өсірген генно-модификацияланған және стерилдік агроәдениеттерге бағынышты жағдайға қойды.

Соғыстан кейінгі онжылдықтар ішінде адамдар жер биосферасын жылдам қарқынмен пайдаланып, өзгертті. 1950–1973 жылдары көмір, мұнай және газ сияқты табиғи отыннан өндірілетін қуат көзі жаһандық жалпы ішкі өнімнің үш есе өсуіне әкеліп соқтырды. Технологиялық инновациялар легі – химиялық өңдеудің ең жақсы әдістері, жоғары қысымды құбырлар, ірі танкерлер – табиғи отын қорларын кеңінен пайдалануға мүмкіндік берді. 1890 жылы адамзат 10 миллион тоннадан бастап мұнай тұтынса, 1975 жылға қарай жылына 2,3 миллиард болды. Таяу Шығыс ірі мұнай өндіруші аймақ ретінде Ресей, Румыния, Мексика, Венесуэла және Құрама Штаттарға қосылды. Турбогенератор бөгеттерімен қатар табиғи отын әлемдегі электр қуатын пайдаланушылардың көбін қамтамасыз етті. 1950 жылдар ортасында Совет одағы, Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбритания атом энергиясын күнделікті пайдалануға кірісті. Сол кезеңнен 1980 жылдарға дейін АЭС басқа бірнеше елде, атап айтқанда, Францияда көбейді. Соғыстан кейінгі онжылдықтар ішінде экономикалық және демографиялық өсімнің шапшаңдығы жердің физикалық қасиеттеріне және табиғи ахуалына әсер еткені сонша, оны дер кезінде түсінген ешкім болмады. Топырақтың, су жүйесі мен атмосфераның деградацияға ұшырағанына күмән қалмады.

Нәтижесінде экономикалық пен демографиялық өсім комбинациясынан туындаған экологияның күрт өсуі адамдардың денсаулығына әсер етіп, әлі де көрініс тауып келеді. Алдында мысалға келтірілген торғайларға қатысты эпизод, оларды Қытайдағы жаппай аштықтың негізгі факторларының бірі ретінде түгелдей жою қоршаған орта, мемлекеттік амбициялар мен адами тағдырлардың арасындағы байланыстың айқын көрінісі болып табылады. Кеңестік көмекпен Ніл бойында 60-жылдары салынған Асуандық бөгет мысал бола алады. Гамаль Абдель Насер, көп жыл бойы Мысырдың президенті болған адам, бөгет азық-түлікті шығаратын өзіндік бір өндіруші бола алады деп есептеді. Бірақ бәрі керісінше болды: Ніл жазығын мың жыл бойы толықтырған Ніл Насер су қоймасы жанында бөгеттен жоғары жерде жинақталды. Бөгеттен төмен жерлерді өңдеген фермерлер көбінесе импорттық жолмен алынатын химиялық тыңайтқыштарға бағынышты еді. Тыңайтқыштарды жаппай тұтыну топырақтың ластануының себебіне, ал балдырлар мен эйхорниялармен толған ирригациялық жүйе тұздану мен су деңгейінің көтерілуіне әкелді. 1950–1980 жж. аралығында халқы екі есеге өсіп, 45 миллион адамға жеткен Мысыр азық-түліктік өз-өзіне жеткілікті деңгейіне жетпеді. Іс жүзінде қазір де ел өзінің жылдық тамақ табысының 60%-ызын импорттап отыр.

Торғайларға қарсы компания мен Асуандық жобаның сәтсіздігі «жоспарлаудағы қателіктер», білімнің жеткіліксіздігі немесе жай диктаторлардың мегаломаниясы деп қарастыруға болады. Бірақ индустрия мен экономикалық өсумен байланысты экологиялық проблемалар дамыған, демократиялық аймақтарға да қатысты болды. Барлығына белгілі Лондондық тұман өндірістік бөлінулердің күнмен өзара әрекеттестігінің тікелей нәтижесі болып табылады; ал 1952 жылдың желтоқсанында қаланы басқан «Ұлы тұманнан» 4000 адам – ең алдымен сәбилер мен қарттар өліп қалды. Уланудан таяудағы айларда тағы 8000 адам қайтыс болды. Соғыстан кейінгі германдық өнеркәсіпті қалпына келтіру салдарлары, әсіресе, Рур аймағында елеулі болды. Кезіндегі көркем Рейн адамдар мен жануарлар үшін қауіпті токсиндері бар «жансыз» өзенге айналып кетті.

Экологиялық катастрофалар мен олардың адам өміріне эффектісі 1960 жылдардан бастап қоғамның назарын өзіне аудара бастады. Қоғамның мүдделері симметриялық түрде қоршаған ортаның мүдделерімен қайшы келетіндігі белгілі болды. Англияда 1956 жылғы «Ұлы тұманның» ықпалымен, кейіннен 1968 жылы елдегі ауаның жағдайын жақсартуға бағытталған заңдар қабылданды. 70-жылдары Батыс Германияда үкіметпен Рейнды тазалау бойынша алғашқы қадамдар жасалынды. 1963 жылы АҚШ-та Конгреске ауаның сапасын бақылауын реттейтін заң жобасы ұсынылды; 9 жылдан кейін суға қатысты ұқсас жоба өкілдері палатасының президент Никсонмен баталияларынан кейін заң күшіне ие болды.

Жоғарыда атап өтілген шаралардың барлығы ХХ ғасырдың 50 жж. соңы мен 70 жж. басына келді. Бұл кездейсоқ жайт емес, себебі нақты осы кезең жаһандық қарсылық пен әділеттік үшін күрес кезеңіне айналды. Қоршаған ортаға деген қатынастың өзгеруі бұл контекстіге толық сыйысты. Өйткені экология жағдайының нашарлауы саяси мен экономикалық билікті бөлісудің елеулі дисбалансының салдары еді.



## Сұрақтар

1. «Жаппай бақуаттылық мемлекеті» үлгісі нені білдірді?
2. 1944 жылы Бреттон-Вудта қандай шешімдер қабылданды?
3. Еуропалық интеграция 1950 жылдары қандай қадамдардан басталды?
4. Хрущевтың ішкі саясаты қандай болды?
5. Қытайдың 50-жылдары экономикалық дамуы қалай жүзеге асып жатты?
6. «Ұлы пролетарлық мәдени революция» мәнісіне тоқталыңыз.
7. Экологиялық катастрофа мысалдарын келтіріңіз.

## Әдебиеттер

1. J. Bolt and J. L. van Zanden. «The First Update of the Maddison Project; Re-Estimating Growth Before 1820.» Maddison Project Working Paper 4, 2013.
2. Ronald Pruessen, John Foster Dulles: The Road to Power (New York: Free Press, 1982), 309.
3. Richard M. Nixon, The Challenges We Face: Edited and Compiled from the Speeches and Papers of Richard M. Nixon (New York: McGraw-Hill, 1960), 220.
4. Tertius Chandler, Four Thousand Years of Urban Growth: An Historical Census (Lewiston, NY: St. David's University Press, 1987), 507, 511, 512.
5. Quoted in Frank Mort and Peter Thompson, «Retailing, Commercial Culture and Masculinity in 1950s Britain; The Case of Montague Burton, the 'Tailor of Taste,» History Workshop Journal 38 (1994): 113.
6. Clive Ponting, A New Green History of the World: The Environment and the Collapse of Great Civilizations (New York: Penguin, 2007), 258.
7. Andrew P. N. Erdmann, «War No Longer Has Any Logic Whatever: Dwight D. Eisenhower and the Thermonuclear War,» in John Lewis Gaddis et al., eds., Cold War Statesmen Confront the Bomb: Nuclear Diplomacy since 1945 (Oxford: Oxford University Press, 1999), 113.
8. Michael R. Beschloss, The Crisis Years: Kennedy and Khrushchev, 1960–1963 (New York: Edward Burlingame, 1991), 278.